

СИЛЛАБУС
2026-2027 оқу жылының күзгі семестрі
«Б02214–Әлеуметтік-мәдени антропология» білім беру бағдарламасы бойынша

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтары (СС)	Зерт. сабақтары (ЗС)		
Этнопсихология	5	3	3		6	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	БП. Жоғары оқу компоненті	Проблемалық, аналиткалық	Пікірталас, сұрақтарға жауап беру, презентация.	Оффлайн жазбаша		
Дәріскер (лер)	Әбдінәсір Назира Нұрқожақызы					
e-mail:	nazzira.abdinassir@gmail.com					
Телефоны:	+77076100958					
Ассистент (тер)	Әбдінәсір Назира Нұрқожақызы					
e-mail:	nazzira.abdinassir@gmail.com					
Телефоны:	+77076100958					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*		ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)			
Пәннің мақсаты: Білім алушыларда этнопсихологияның теориялық-әдіснамалық негіздері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, этникалық сана, этникалық бірегейлік, ұлттық мінез-құлық, мәдени құндылықтар мен	1 (когнитивті) Этнопсихология ғылымының негізгі теориялық ұғымдарын, ғылыми бағыттарын, этникалық психологияның қалыптасуы мен дамуының тарихи кезеңдерін және этнопсихологиялық зерттеулердің әдіснамалық негіздерін терең меңгергенін көрсету.		1.1 – Этнопсихологияның негізгі ұғымдарын (этнос, этникалық сана, этникалық бірегейлік, ұлттық мінез, этникалық құндылықтар) жүйелі түрде түсіндіріп, олардың өзара байланысын сипаттайды;			
			1.2 – Этнопсихология ғылымының қалыптасу кезеңдерін, негізгі ғылыми мектептері мен теориялық бағыттарын салыстыра талдайды;			
	2. (функционалды) Этностардың психологиялық ерекшеліктерін, мәдени құндылықтарын және этникалық мінез-құлық ерекшеліктерін ғылыми әдістер арқылы талдап, этнопсихологиялық		1.3 - Этнопсихологиялық теорияларды қазіргі әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды түсіндіруде қолданады;			
			2.2 - Этникалық топтардың психологиялық ерекшеліктерін			

<p>әлеуметтік тәжірибелердің тұлға психологиясына ықпалын ғылыми тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту. Пән этностардың психологиялық ерекшеліктерін, этносаралық қатынастар мен мәдениетаралық коммуникацияның психологиялық механизмдерін түсіндіруге, сондай-ақ Қазақстанның көпэтносты қоғамындағы әлеуметтік-психологиялық үдерістерді кәсіби тұрғыдан бағалауға бағытталған.</p>	<p>білімді нақты әлеуметтік жағдайларда қолдана білу.</p>	<p>әлеуметтік-мәдени контекст негізінде талдайды;</p>
		<p>2.3 - Ұлттық мінез-құлықтың, дәстүрлер мен құндылықтардың тұлға қалыптасуына әсерін ғылыми тұрғыдан түсіндіреді;</p>
	<p>3. (функционалды) Этнопсихологиялық зерттеу әдістерін пайдалана отырып, этникалық үдерістер мен этносаралық қатынастарды зерттеу және алынған нәтижелерді кәсіби деңгейде интерпретациялау дағдыларын меңгеру.</p>	<p>3.1 - Этнопсихологиялық зерттеулерде қолданылатын бақылау, сауалнама, сұхбат және психодиагностикалық әдістерді қолданады;</p>
		<p>3.2 - Эмпирикалық деректерді жинақтап, өңдеп және ғылыми тұрғыдан талдайды;</p>
		<p>3.3 – Зерттеу нәтижелерін баяндама, презентация немесе аналитикалық есеп түрінде ұсынады;</p>
	<p>4. (жүйелік) Этносаралық қатынастардың, мәдениетаралық коммуникацияның және көпэтносты қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық үдерістердің ерекшеліктерін жүйелі түрде бағалай білу.</p>	<p>4.1 – Этносаралық қатынастардың психологиялық механизмдерін және олардың қоғамдағы рөлін түсіндіреді;</p>
		<p>4.2 – Мәдениетаралық коммуникация барысында туындайтын психологиялық кедергілер мен қайшылықтарды анықтайды және әртүрлі мәдени ортада тиімді кәсіби қарым-қатынас орнату стратегияларын ұсынады.</p>
		<p>4.3 - Қазақстандағы қоғамдық келісім, этносаралық толеранттылық және әлеуметтік интеграция тәжірибесін этнопсихологиялық тұрғыдан талдайды;</p>
	<p>5. (жүйелік) Этнопсихологиялық білімді қазіргі жаһандану жағдайындағы этникалық бірегейлік, мәдени трансформация және қоғамдық даму мәселелерін бағалауда қолдана отырып, ғылыми негізделген қорытындылар мен болжамдар жасау.</p>	<p>5.1 - Этникалық бірегейліктің қалыптасуы мен өзгеруіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтайды;</p>
		<p>5.2 Жаһандану жағдайындағы ұлттық мәдениет пен этникалық құндылықтардың трансформациясын бағалайды;</p>
		<p>5.3 – Этнопсихологиялық деректер негізінде қоғамдағы этникалық үдерістердің даму тенденцияларына қатысты ғылыми болжамдар жасайды және этникалық әртүрлілік пен мәдени</p>

		мұраны сақтаудың маңызын негіздей отырып, практикалық ұсыныстар әзірлейді.
Пререквизиттер	Жалпы және әлеуметтік психология	
Постреквизиттер	Мәдениетаралық коммуникация психологиясы; Қолданбалы әлеуметтік психология; Этносаралық қатынастар психологиясы	
Оқу ресурстары	<p style="text-align: center;">Әдебиеттер</p> <p style="text-align: center;">Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. К.Б. Жарикбаев, А.К. Олжаева, М.К. Ахметова Казахская этнопсихология Учебное пособие Алматы «Қазақ университеті» 2014 2. Жүкеш Қ. Ұлттық психологияның сипаты. Алматы, 1993 ж. 82б. 2. Елікбаев Н. Ұлттық психология. Алматы: Қазақ университеті, 1993 ж. 74б 3. Berry, J.W., Poortinga, Y.H., Breugelmans, S.M., Chasiotis, A., & Sam, D.L. (2011). Cross-Cultural Psychology: Research and Applications (3rd ed.). Cambridge: Cambridge University Press. 4. Matsumoto, David, Juang, Linda. (2021). Culture and Psychology (7th ed.). Boston: Cengage Learning. 5. Shweder, Richard A. (1991). Thinking Through Cultures: Expeditions in Cultural Psychology. Cambridge, MA: Harvard University Press. 6. Triandis, Harry C. (1995). Individualism and Collectivism. Boulder, CO: Westview Press. 7. Hofstede, Geert, Hofstede, Gert Jan, Minkov, Michael. (2010). Cultures and Organizations: Software of the Mind (3rd ed.). New York: McGraw-Hill. <p>Косымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Kitayama, Shinobu, Cohen, Dov (Eds.). (2007). Handbook of Cultural Psychology. New York: Guilford Press. 2. Smith, Peter B., Fischer, Ronald, Vignoles, Vivian L., & Bond, Michael H. (2013). Understanding Social Psychology Across Cultures. London: Sage Publications. <p style="text-align: center;">Ресурстар:</p> <p>Зерттеушілік инфрақұрылымы</p> <p>ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты – тұлға, қоғам, этникалық сәйкестік және қоғамдық сана мәселелерін зерттейтін жетекші ғылыми орталық. Қазақстан халқы Ассамблеясы – этносаралық қатынастар, қоғамдық келісім және ұлттық бірлік мәселелерін зерттеуге арналған маңызды тәжірибелік алаң. ҚР Ұлттық кітапханасы – психология, этнопсихология, мәдениеттану және әлеуметтік ғылымдар бойынша бай ғылыми әдебиет қоры.</p> <p>Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. интернет 2. ПОЭК бөлімі <p>Интернет-ресурстар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. univer.kaznu.kz. 2. faraibi_univesity <p>https://www.apa.org https://psycnet.apa.org https://scholar.google.com https://www.sciencedirect.com https://link.springer.com https://www.assembly.kz</p>	

Пәннің академиялық саясаты

Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.

Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.

Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, жоғарыда көрсетілген телефон/e-mail немесе ZOOM бейне байланыс арқылы: <https://meet.google.com/ucd-pqrj-oyt> кеңестік көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive openline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **МООС**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллар	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D	1,0	50-54	

Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллар
Дәрістердегі белсенділік	0
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	38
Өзіндік жұмысы	22
Жобалық және шығармашылық қызметі	0
Қорытынды бақылау (емтихан)	40
ЖИЫНТЫҒЫ	100

Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.

Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.

FX	0,5	25-49		
F	0	0-49		

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
	Модуль 1. Этнопсихологияның теориялық-әдіснамалық негіздері		
1	Дәріс (теориялық): Этнопсихология пәні: зерттеу нысаны, қалыптасу тарихы және қазіргі даму бағыттары	2	
1	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Этнопсихологияның негізгі ұғымдары: этнос, мәдениет, этникалық сана, этникалық бірегейлік	2	
2	Дәріс (аналитикалық): Этнопсихология, мәдени психология және кросс-мәдени психология: теориялық ұстанымдар мен зерттеу бағыттары	2	
2	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Әмбебаптық пен мәдени ерекшелік мәселесі: ғылыми пікірталастар	2	10
3	Дәріс (аналитикалық): Этнопсихологиялық зерттеулердің әдістері: бақылау, сауалнама, сұхбат және мәдени салыстыру	2	
вк3	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Әміс және Етіс тәсілдері: этнопсихологиялық зерттеулердегі қолданылуы	2	10
	Модуль 2. Этникалық сана және тұлға психологиясы		
4	Дәріс (аналитикалық): Этникалық сана және этникалық бірегейліктің қалыптасуы	2	
4	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қазіргі Қазақстан жастарының этникалық сәйкестілігі	2	10
	СӨОЖ 1 Қазақ халқының ұлттық мінезінің қалыптасуына әсер еткен тарихи және мәдени факторларды талдау		
5	Дәріс (теориялық): Құндылықтар жүйесі және мәдени бағдарлар: индивидуализм мен коллективизм	2	
5	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қазақ қоғамындағы ұжымшылдық құндылықтарының психологиялық негіздері	2	10
5	СӨЖ 1: Қазақстандағы этникалық стереотиптерге әлеуметтік-психологиялық талдау		15
6	Дәріс (теориялық): Этникалық стереотиптер, этноцентризм және әлеуметтік қабылдау	2	
6	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Этникалық стереотиптердің қалыптасу механизмдері және олардың салдары	2	10
	СӨОЖ 1 - Берілген СӨЖ 1 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
7	Дәріс (теориялық) Тіл, мәдениет және психика: этнолингвистикалық аспектілер	2	
7	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қазақ тілінің ұлттық дүниетаным мен тұлғалық дамудағы рөлі	2	10
7	СӨЖ 2: Қазақ тілінің этникалық бірегейлік пен мәдени құндылықтарды сақтаудағы рөлін зерттеу		15
8	Дәріс (теориялық): Мәдениетаралық коммуникацияның психологиялық негіздері	2	
8	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Мәдениетаралық қарым-қатынастағы психологиялық кедергілер	2	10

	СӨОЖ 3 - Мәдениетаралық коммуникациядағы нақты жағдайларға (case study) этнопсихологиялық талдау жасау		
	АБ 1		100
	Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы ғылыми парадигмалар мен зерттеу бағыттары		
9	Дәріс (аналитикалық) Антропологиядағы эмпирикалық әдістер (қатысушы бақылау, жартылай құрылымданған сұхбат, визуалды этнография)	2	
9	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Зерттеуші мен зерттелуші арасындағы қарым-қатынас: сенім мен рефлексия	2	8
9	СӨЖ 3: Антропологиядағы эмпирикалық әдістерді қолдана отырып, күнделікті ортада шағын этнографиялық зерттеу жүргізу		15
	Модуль 3. Этносаралық қатынастар және мәдениетаралық коммуникация		
10	Дәріс (аналитикалық): Этносаралық қатынастар психологиясы және әлеуметтік сәйкестік теориясы	2	
10	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қазақстандағы этносаралық қатынастардың психологиялық ерекшеліктері	2	8
	СӨОЖ 4 - Берілген СӨЖ 4 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
11	Дәріс (проблемалық): Аккультурация және мәдени бейімделу процестері	2	
11	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Миграция жағдайындағы этникалық және мәдени бейімделу мәселелері	2	8
11	СӨЖ 4: Қазақстандағы этномәдени топтардың аккультурациялық стратегияларын талдау		15
	Модуль 4. Қолданбалы этнопсихология және қазіргі зерттеулер		
12	Дәріс (проблемалық) Толеранттылық, көпмәдениеттілік және қоғамдық келісім психологиясы	2	
12	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қазақстан халқы Ассамблеясы және қоғамдық келісім тәжірибесі	2	8
	СӨОЖ 5 - Берілген СӨЖ 5 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру		
13	Дәріс (проблемалық): Отбасы, тәрбие және әлеуметтенудің этнопсихологиялық ерекшеліктері	2	
13	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қазақ отбасындағы дәстүрлі және заманауи тәрбие модельдері	2	8
13	СӨЖ 5: Қазақ отбасындағы ұлттық құндылықтардың ұрпақаралық сабақтастығын зерттеу		15
14	Дәріс (проблемалық): Психологиялық денсаулықтың мәдени ерекшеліктері және этнопсихологиялық көмек	2	
14	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Этнопсихологиялық факторлардың психикалық денсаулыққа ықпалы	2	8
15	Дәріс (проблемалық): Жаһандану жағдайындағы этникалық бірегейлік және этнопсихологияның болашағы	2	
15	Семинар/зертханалық сабақ (түрі): Қазіргі Қазақстандағы этнопсихологиялық зерттеулердің басым бағыттары	2	7
	СӨОЖ 6: Емтиханға қатысты кеңес беру		
	АБ 2		100
	Қорытынды бақылау (емтихан)		100

Декан _____ Байгунаков Д.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрайымы _____ Бижанова М.Т.

Кафедра меңгерушісі _____ Жұматаев Р.С.

Дәріскер _____ Баудиярова Қ.Б.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Музей мекемелерінің ғылыми-зерттеу қызметі» жазбаша тапсырмасы

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100%	70–89%	50–69%	25–49%	0–24%
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға әлеуметтік-мәдени антропологиядағы ерекшеліктерді саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасау	"Жақсы" деген баға кейбір мәселелер қамтылмаған, мазмұны көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Әлеуметтік-мәдени антропологияға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу

				қателіктер мен кемшіліктер бар.	қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Этнологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.